

Циклограмма
Қошақан ересек топ
3 аптаға
23-27 мамыр

Өтпелі тақырып: әр қашан күн сөнбесін

Бекітемін:  Аманшесва А.А

Тәрбиеші Елеусинова А.Ә

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар. (үстел үсті, саусак және т.б) Танертенгі гимнастика (5 мин).	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Д/О: неге? не үшін? Мақсаты: Өз ойларын дұрыс, анық жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын дамыту.	Д/О «Төлін тап» Балалар үй жануарларының төлдерін тауып, қазақша аттарын атау керек. Үй жануарлары бізге не береді	д/о: жалпы атауын ата Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.	Д/О «Нені қайдан алуға болады?» Тәрбиеші үстелдің үстіне нанның, киімнің, ыдыстың, сүт, ет тағамдарының суреттерін қояды. Бұл суреттер «Дүкенді» бейнелейді.	Д/О: Сөйлемді жалғастыр Мақсаты: Балаларды берілген тапсырманы мұқият тыңдап орындауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу
	Жаттығулар кешені				
Ойындар	Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>Сурет Бұл мен! Мақсаты: Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелерінің кейбір қызметтерін (бас, құлақ, ауыз, тіл, тіс, қол, аяқ) түсінуге үйрену. Құммен жұмыс жасау және сурет салу қабілеттерін арттыру. Тазалыққа тәрбиелеу. «Біздің көмекшілеріміз» ойыны Мақсаты: Өлең жолдарын айта отырып дене мүшелерін көрсетіп қимылдар жасауға үйрету. Музыка 13.05 Ән тыңдау «Астана» Б.Бейсенова Ән айту «Туған</p>	<p>Көркем әдебиет Тату доспыз бәріміз Мақсаты: Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге үйрету. Өзара сезімдерін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. Д/О: «Қай ұлт екенін ата!». Шарты: Тәрбиеші балаларға әр ұлт өкілдері бейнеленген суреттер үлестіріп береді. Балалар суретте бейнеленген әр ұлт өкілдеріне қарап атайды. Қарапайым математика Санмен санды сәйкестендіру. Мақсаты: 5 көлемінде санау қабілетін күшейту; Санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыру, аяқталмаған фигуралардан</p>	<p>Сықырлы саусақ Әжемнің құрақ көрпесі Өшіргіштің ұзынынан, қырынан, жалпағынан және кесілген формасын (үшбұрыш) қағазға семмитриялы етіп таңбасын бастыруды игеру. Бояу түстерін реттестіре қолдануды меңгерту. Қызығушылығын арттыру, төсек орын туралы білгендерін толықтыру Экология негіздері Көбелек және инелік. Мақсаты: Көбелек және инелікпен таныстыру. Олардың айырмашылығын байқап айтып беруге үйрету. Көбелектің қалай пайда болатындығын көрсету. Жәндіктердің тіршілігіне қызығушылығын тудыру. Оларға қамқорлықпен қарап, қорғауға тәрбиелеу. «Сықырлы таяқша» ойыны Мақсаты: Сықырлы таяқшаның көмегімен балаларды</p>	<p>Жаратылыстану Қош келдің жаз! Мақсаты: Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік ісәрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. «Киім» ойыны Мақсаты: Киімдер бейнеленген суреттерді жыл мезгілдеріне байланысты жіктеу Музыка Ән тыңдау «Біз мектепке барамыз» А. Меңжанова Ән айту «Балабақша» әні Д.Байтлеуов сөзі М.Балмолда Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу» Мақсаты: ән арқылы</p>	<p>Аппликация Мерекелік жалаушалар Мақсаты: 7 мамыр Ұландар мерекесі екенін түсіндіру. Үлгі бойынша жалауша жасауды үйрету. Желіммен, қайшы мен тиянақты, таза жұмыс жасауға, тазалыққа, әсемдікке, әрдайым көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қ/О: «Солдаттар» Мақсаты: Музыка әуенімен солдаттар секілді қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Дене шынықтыру 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға</p>
---	--	---	---	---	--

	<p>жер» Б.Бейсенова «Қамшымен би» Мақсаты: ән айту дағдыларын жетілдіру, музыкаға сай қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету, музыкаға қызығушылыққа, елін сүйуге тәрбиелеу. «Ән салған кім?» ойыны Шарты: Балалар шеңбер жасай жүріп әндетеді, сыр жақта теріс қарап отырған бала ән салған баланы атауы қажет Музыка Ән тыңдау «Жаз» муз. Б. Ерзакович сөзі Ш. Ахметов Ән айту «Балдырған» муз. А. Асанов сөзі Р. Архабаева Музыкалық ырғақты қимыл : «Гүлдер биі»</p>	<p>геометриялық фигураларды көру қабілетін арттыру; «үлкен», «кіші», «кішкентай» түсініктерін нығайту. Д/о: №9 «Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту Дене шынықтыру Самокат тебу Мақсаты: Самокат теуіп келе жатып оңға, солға бұрылыстарды орындауға үйрету. «Жалауша» эстафеталық ойыны Мақсаты: ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу</p>	<p>«көбелекке» айналдыру арқылы көбелек секілді ұшып жүруге үйрету Дене шынықтыру 40–50 метрге жүгіру Мақсаты: Бір қалыппен 40–50 метрге жүгіру. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Сапты қайтадан құру. Қ/О? «Ұйқыдағы түлкі» Мақсаты: Баяу жүру және қашу, жүгіру қабілеттерін арттыру</p>	<p>қуана білуге, музыканың сияптына сай қимылдарды ауыстыруға үйрету, әнді көңілді, ынталы жеткізуге баулу, музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Әуенді сағат» ойыны Шарты: таныс әуендерді тыңдап, сәйкес суретті көрсетеді.</p>	<p>еңбектеп кіру. Мақсаты: Түрлі тапсырмалармен шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы. Шарты: Пингвиндер секілді секіріп, кедергілер арасынан өту. Ұлттық ойын Тақырыбы: құыр-қуырмаш Мақсаты: Балаларды ойынмен таныстыру. Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнауға үйрету. Ұлттық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>Мақсаты: жаз мезгілі туралы түсініктерін жетілдіру, таныс ән, би қимылдарын қайталауға баулу, әнді көңілді, жеңіл айтуға дағдыландыру.</p> <p>«Бұл қай кезде болады?» ойыны</p> <p>Шарты: жыл мезгілі туралы шығарманы тыңдап, суреттен көрсету.</p> <p>Сөйлем дамыту</p> <p>Солдат болам мен ертең</p> <p>Мақсаты: Ұландар күні мерекесін түсіндіру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Отанды сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>«Кімге не керек?» ойыны.</p> <p>Шарты: Теңізші, Шекарашы, Ұшқыш адамдарға қажетті заттардың суреттері беріледі,</p>				байыту
--	---	--	--	--	--------

	балалар кімге не керектігін таңдайды.				
Серуен:	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру</p> <p>Бұлтты бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.</p> <p>Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов</p> <p>Түрленді дала, бау- бақша</p> <p>Құлпыра қалды тау жақта</p> <p>Қара бұлтты жел куып</p> <p>Жөкеп берді аулаққа</p> <p>Қимылды ойындар: «Ақ қоян», «Қысқы тіршілік»</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>				
Серуеннен оралу.	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.